

**Сандықтау ауданы әкімінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 2 "Сандықтау ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 қарашада № 8656-03 болып тіркелді

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сандықтау ауданы әкімінің "Сандықтау ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" 2017 жылғы 6 маусымдағы № 2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6012 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

№ 613 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

"№ 613 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Сандықтау ауданы, Байдалы ауылы, Балуан Шолақ көшесі, 4, Сандықтау ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің жанындағы "Балкашин аудандық Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жанындағы Веселое ауылдық Мәдениет үйінің ғимараты.

Шекаралар: Байдалы ауылы.";

№ 632 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

"№ 632 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Сандықтау ауданы, Құмдықөл ауылы, Абаскалов көшесі, 4/1, Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы "Сандықтау аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жанындағы Құмдықөл ауылы медициналық пунктінің ғимараты.

Шекаралар: Құмдықөл ауылы.";

№ 633 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

"№ 633 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Сандықтау ауданы, Маралды ауылы, Қаскен Баймышев көшесі, 1, "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Маралды орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кеңсесінің ғимараты.

Шекаралар: Маралды ауылы.".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сандықтау ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сандықтау ауданының әкімі*

*Е.Жусупбеков*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Сандықтау аудандық аумақтық  
сайлау комиссиясы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК